ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz
20____ж._____№_____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

Қазақстан Республикасы Құрылтайының «Әділет» партиясы фракциясына

2026 жылғы 22 қазандағы
№ ДС-84 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Ішкі істер министрлігі өз құзыреті шегінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтардың қайталануының алдын алу және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электрондық бақылау құралдарын қолдану мәселесі бойынша қосымшаға сәйкес ақпарат жолдайды.

Қосымша: ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 парақта.

Құрметпен,

Министр **Е. Саденов**

19.11.2026 Копия электронного документа.

орын. Г. Шаяхметова
тел. 72-20-09
gu.shayakhmetova@mvd.gov.kz

Қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі *(бұдан әрі – ІІМ)* отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтардың қайталануын болғызбау және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электрондық бақылау құралдарын *(бұдан әрі – ЭБҚ)* қолдану мәселесі жөніндегі депутаттық сауалды қарады.

ІІМ зорлық-зомбылықты қайталап жасау қаупі жоғары адамдарға қатысты электрондық бақылауды енгізу бойынша кешенді жұмыс жүргізуде.

ЭБҚ-ны жалға алу қызметтеріне арналған үлгілік техникалық ерекшелік әзірленіп келісілді. Қазіргі уақытта GPS және GSM модульдерімен жабдықталған 2 851 ЭБҚ пайдаланылады. Бұл құралдар бақылаудағы адамның тұрған жерін анықтауға және оның координаттарын 2G, 3G және 4G стандарттарындағы ұялы байланыс желілері арқылы беруге мүмкіндік береді.

Мониторинг платформасында координаттар екі минуттан аспайтын аралықпен жаңартылады.

Жүйе бақылаудағы адамдардың тұрған жерін қашықтан анықтауға және олардың жүріп-тұруын бақылауға, әр адамға рұқсат етілген аумақтар мен уақыт бойынша шектеулерді жеке белгілеуге мүмкіндік береді. Белгіленген аумақтың шегінен шығу, электрондық білезіктің рұқсатсыз шешіп алынуы, оның бүтіндігінің бұзылуы, аккумулятор заряды деңгейінің төмендеуі және құрылғымен байланыстың үзілуі автоматты түрде анықталады. Жүйе арқылы жүріп өткен бағыттар мен тіркелген оқиғалар туралы деректер алынады, анықталған бұзушылықтар туралы хабарламалар автоматты түрде қалыптастырылады және полиция қызметкерлері жедел хабардар етіледі.

Ақпараттық өзара іс-қимыл мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы және ведомстволық байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар ІІМ «КаР-Тел» ЖШС-мен бірлесіп, «Электрондық қорғау аймағы» тетігін техникалық сынақтан өткізуде. Бұл тетік қауіп төндіретін бақылаудағы адамның және жәбірленушінің тұрған жерін бір мезгілде анықтауды, сондай-ақ олардың бір-біріне қауіпті деңгейде жақындағанын автоматты түрде анықтауды көздейді.

Сынақ барысында арақашықтық 20 метрге дейін қысқарған кезде қауіпсіз арақашықтықтың сақталмауын анықтау, мониторинг платформасында дабыл хабарламаларын автоматты түрде қалыптастыру және оларды ден қою шараларын қабылдау үшін ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына *(бұдан әрі – ЖБО)* жедел жіберу мүмкіндіктері пысықталуда.

Тетікті іс жүзінде енгізу үшін пилоттық өңірлер ретінде Шымкент қаласы, Ақмола, Алматы, Маңғыстау, Түркістан және Жетісу облыстары айқындалды. Аумақтық бөлімшелерге 2026 жылғы 21 шілдедегі № 1-5-5-9-98/3892-И хатпен тиісті нұсқаулар жолданды.

Пилоттық жобаны іске қосуға дайындық барысында ІІМ отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жүйелі түрде құқық бұзушылық жасайтын адамдарға қатысты ЭБҚ-ны қолданудың, оның ішінде белгіленген шектеулердің сақталуын бақылаудың құқықтық негіздерін түсіндіруді сұрап, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінді.

19.11.2026 Копия электронного документа.

Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде соттың күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға не әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға дербес шектеу ретінде ЭБҚ-ны тағып жүру міндетін жүктеу мүмкіндігі көзделмегенін атап өтті.

ІІМ профилактикалық бақылау шеңберінде ЭБҚ-ны қолданудың дербес құқықтық негізі бар екенін атап өтеді.

Атап айтқанда, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 59-бабының 12-тармағында уәкілетті мемлекеттік органдардың профилактикалық есепте тұрған адамды тиісінше бақылау және оның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін ЭБҚ-ны пайдалану құқығы тікелей көзделген.

Заңның 59-бабының 2-тармағында қорғау нұсқамасы шығарылған немесе мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамдарды профилактикалық есепке қою көзделген. Заңның 60-бабының 7-тармағына және 61-бабының 5-тармағына сәйкес ішкі істер органдары аталған адамдарға қатысты профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.

Осылайша қорғау нұсқамасының шығарылуына немесе мінез-құлқына ерекше талаптардың белгіленуіне байланысты профилактикалық есепте тұрған адамдарға қатысты ЭБҚ-ны Заңда көзделген профилактикалық бақылауды жүзеге асырудың техникалық құралы ретінде қарастыруға болады.

Бұл ретте «Электрондық қорғау аймағы» тетігі сот немесе өзге де уәкілетті орган белгілеген шектеулер шеңберінде олардың сақталуын бақылаудың тиімділігін арттыруға және жәбірленушінің қауіпсіздігіне қатер төнген кезде полицияның жедел ден қоюын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты ІІМ Жоғарғы Соттың ұстанымы мен заңнама талаптарын ескере отырып, айқындалған пилоттық өңірлерде аталған тетікті іс жүзінде сынақтан өткізуді жалғастыруда.

Сонымен қатар жәбірленушілердің мобильді құрылғыларында арнайы бағдарламалық қамтылымды пайдалануды заңнамалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан реттеу мәселелері пысықталуда. Бұл ретте бағдарламалық қамтылымды қолдану тәртібі мен шарттарын айқындау, жәбірленушілердің келісімін алу, олардың дербес деректерін және тұрған жері туралы мәліметтерді қорғау мәселелері қарастырылуда.

Пилоттық жоба шеңберінде қауіпті жақындасу туралы дабылдарға полицияның ден қоюының бірыңғай алгоритмін пысықтау жоспарлануда. Алгоритм дабылды автоматты түрде тіркеуді, оны ЖБО-ға беруді, ең жақын полиция жасағын жіберуді, жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, белгіленген шектеулердің сақталуын тексеруді және қабылданған шараларды цифрлық түрде тіркеуді көздейді.

Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша тетіктің техникалық және практикалық тиімділігі бағаланады. Бағалау кезінде полицияның ден қою уақыты, анықталған бұзушылықтар саны, қабылданған шаралар және жәбірленушілерге қатысты қайталанған зорлық-зомбылық фактілері ескеріледі.

ІІМ ЭБҚ-ны қолдану үшін қажетті техникалық негіз қалыптастырды. Қолданыстағы заңнамада ЭБҚ-ны профилактикалық есепте тұрған адамдарға қатысты профилактикалық бақылау мақсатында пайдалану көзделген.

Сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді немесе қылмыстық істерді қарау кезінде ЭБҚ-ны сот белгілейтін дербес шектеу ретінде қолдану тиісті заңнамалық реттеуді талап етеді.

Зорлық-зомбылықтың қайталануына жол бермеу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электрондық бақылауды енгізу және «Электрондық қорғау аймағы» тетігін дамыту жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Приложение

Министерством внутренних дел *(далее – МВД)* рассмотрен депутатский запрос по вопросу применения электронных средств слежения *(далее – ЭСС)* для предупреждения повторных правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений и обеспечения безопасности потерпевших.

МВД проводится комплексная работа по внедрению электронного контроля в отношении лиц, представляющих повышенный риск повторного совершения насилия.

Разработана и согласована типовая техническая спецификация на услуги по аренде ЭСС. В настоящее время используется 2 851 единица ЭСС, оснащенные GPS- и GSM-модулями, обеспечивающие определение местонахождения контролируемого лица и передачу координат посредством сетей сотовой связи стандартов 2G/3G/4G.

Обновление координат на платформе мониторинга осуществляется с интервалом не более двух минут.

Функциональные возможности системы позволяют дистанционно определять местонахождение контролируемых лиц и отслеживать их перемещение, устанавливать индивидуальные разрешённые географические зоны и временные ограничения, автоматически выявлять выход за установленные границы, несанкционированное снятие электронного браслета, нарушение целостности, снижение уровня заряда аккумулятора и потерю связи с устройством, получать историю перемещений и сведения о зарегистрированных событиях и формировать автоматические уведомления о выявленных нарушениях и оперативно информировать сотрудников полиции.

Информационное взаимодействие осуществляется через Единую транспортную систему государственных органов и ведомственные каналы связи.

Кроме того, МВД совместно с ТОО «КаР-Тел» проводится техническая апробация механизма «Электронная защитная зона», которая предусматривает одновременное определение местонахождения контролируемого лица, представляющего угрозу, и потерпевшего, а также автоматическое выявление фактов их опасного сближения.

В рамках апробации отрабатывается техническая возможность определения нарушения безопасной дистанции до 20 метров, автоматического формирования тревожных уведомлений на платформе мониторинга и их оперативной передачи в ЦОУ органов внутренних дел для принятия мер реагирования.

Для практического внедрения данного механизма определены пилотные регионы: город Шымкент, Акмолинская, Алматинская, Мангистауская, Туркестанская области и область Жетiсу. Соответствующие указания территориальным подразделениям направлены *(исх. № 1-5-5-9-98/3892-И от 21 июля 2026 года).*

Вместе с тем при подготовке к запуску пилотного проекта МВД обращалось в Верховный Суд Республики Казахстан за разъяснением правовых оснований применения ЭСС в отношении лиц, систематически совершающих

19.11.2026 Копия электронного документа.

правонарушения в сфере семейно-бытовых отношений, в том числе в части контроля соблюдения установленных ограничений.

Верховным Судом отмечено, что действующее законодательство не предусматривает возможность возложения судом на подозреваемого, обвиняемого, подсудимого либо лицо, привлекаемое к административной ответственности, обязанности по ношению ЭСС в качестве самостоятельного ограничения в рамках УПК или КоАП.

Одновременно МВД считает необходимым отметить, что применение ЭСС в рамках профилактического контроля имеет самостоятельное правовое основание.

Так, пунктом 12 статьи 59 Закона «О профилактике правонарушений» прямо предусмотрено право уполномоченных государственных органов использовать ЭСС для осуществления надлежащего профилактического контроля и получения информации о месте нахождения лица, состоящего на профилактическом учёте.

При этом пунктом 2 статьи 59 указанного Закона непосредственно предусмотрена постановка на профилактический учёт лиц, в отношении которых вынесено защитное предписание либо установлены особые требования к поведению. Кроме того, пунктом 7 статьи 60 и пунктом 5 статьи 61 установлено, что за указанными лицами органами внутренних дел осуществляется профилактический контроль.

Таким образом, в отношении лиц, состоящих на профилактическом учёте в связи с вынесением защитного предписания или установлением особых требований к поведению, ЭСС могут рассматриваться именно как техническое средство осуществления предусмотренного Законом профилактического контроля, а не как самостоятельное дополнительное ограничение, устанавливаемое судом.

При этом механизм «Электронная защитная зона» направлен не на изменение содержания установленных судом либо иным уполномоченным органом ограничений, а на повышение эффективности их контроля и обеспечение оперативного реагирования полиции при возникновении угрозы безопасности потерпевшего.

В этой связи, МВД продолжает практическую апробацию указанного механизма в определённых пилотных регионах с учётом позиции Верховного Суда и требований законодательства.

Одновременно прорабатываются вопросы законодательного и организационного регулирования использования специального программного обеспечения на мобильных устройствах потерпевших, определения порядка и условий его применения, получения согласия потерпевших, а также обеспечения защиты их персональных и геолокационных данных.

В рамках пилотирования планируется отработать единый алгоритм реагирования полиции на сигналы об опасном сближении, предусматривающий автоматическую регистрацию сигнала, его передачу в ЦОУ, направление ближайшего наряда полиции, обеспечение безопасности потерпевшего,

проверку соблюдения установленных ограничений и цифровую фиксацию принятых мер.

По итогам пилотирования будет дана оценка технической и практической эффективности механизма, включая время реагирования полиции, количество выявленных нарушений, принятые меры и факты повторного насилия в отношении потерпевших.

Таким образом, МВД создана необходимая техническая основа для применения ЭСС, а действующее законодательство предусматривает их использование в отношении лиц, состоящих на профилактическом учёте, в целях осуществления профилактического контроля.

Вместе с тем, для применения ЭСС в качестве самостоятельного ограничения, устанавливаемого судом при рассмотрении дел об административных правонарушениях или уголовных дел, потребуется соответствующее законодательное регулирование.

Работа по внедрению электронного контроля и развитию механизма «Электронная защитная зона» в целях повышения эффективности профилактики повторного насилия и обеспечения безопасности потерпевших продолжается.